

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 92 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 сәуірде № 7077 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 1-1) тармақшасына, 69 бабының 4 тармағына және 71-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Әйтеке би ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Сlobmine" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен пайдалы қазбаларды барлау жұмыстарын жүргізу үшін, Әйтеке би ауданының "Қопабай" учаскесінде орналасқан жалпы алаңы 9320 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2022 жылдың 7 қазанына дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Әйтеке би аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көрсетілген тәртіппен.

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Әйтеке би ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Әйтеке би ауданының әкімі*

*Д. Ермаганбетов*